

Академик таққан көзілдірік



Қазақтың көрнекті энергетигі, академик Шапық Шөкиннің ерен еңбегі - ел жадында. Елінің ертеңі үшін аянбай тер төккен ғалымның көзілдірігі мен тақиясы «Ertis» мультимедиялық музейінде сақтаулы.

Бірегей музейде «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» деген атаумен ашылған зал жұмыс істейді. Мұнда Павлодар өңірінің ғана емес, күллі қазақ елінің атын әлемге танытқан, соңына еселі еңбегі мұра болып қалған дара тұлғалардың жеке заттары, фотосуреттері, тарихи-құнды жәдігерлері мен қолжазбалары сақтаулы тұр. Соның бірі - Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті, «Халық қаһарманы» Шапық Шөкин.

- Шапық атамыздың өзі пайдаланған көзілдірігі мен тақиясын біздің музейге Toraighyrov University тапсырды. Сонымен бірге, ғалымның 90 жылдық мерейтойына орай аталмыш білім ордасы 2002 жылы өздері жасатқан сағатты да сыйға тартты. Бұл жәдігерлер бізге келетін әрбір көрерменді бейжай қалдырмайтыны анық, - дейді «Ertis» мультимедиялық музейінің экскурсия жүргізушісі Жәния Жәнібекова.

Ш.Шөкин 1912 жылы 1 қазанда дүниеге келген. Сібір өзендері арнасының бір бөлігін Қазақстан мен Орта Азияға бұру мүмкіндігі бар екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Ол - бес ұл, үш қызы бар кедей отбасында дүниеге келген. Әкесі Шоқы Баймағамбетов білімнің беделін ерте түсініп, отбасындағы материалдық қиыншылыққа карамастан, үлкен ұлы Ризаны оқуға жібереді. Әкесінің бұл шешімі отбасына үлкен қайыр болып тиеді. 1918 жылы Шоқы Баймағамбетов қайтыс болғанда Риза аяққа тұрып, бүкіл отбасының ауыртпа-шылығын өз мойнына алып, асырап- бағады.

Ш.Шөкиннің ғылымға қызығушылығы жалпы энергетика, су энергетикасы, су шаруашылық-энергетикалық мәселелерден басталды. Осы салада Қазақстан энергетикасы дамуы ғылыми-техникалық болжамының кешенді жүйесін құрды. Сол арқылы елді жылу-энергетика кешенімен қамтудың негізін салды. Ғалымның көзілдірігі мен тақиясын көргіңіз келсе, «Ertis» мультимедиялық музейіне келіңіз.

Қарлығаш Хашымқызы

